

ӘОЖ 811.512.122

## АҢЫЗДЫҚ ПРОЗА ЖАНРЫНДАҒЫ ЭПИТЕТТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**Зетулла Ақбота Қайнарқызы**

[botashaa12@gmail.com](mailto:botashaa12@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Б. Бейсенбай

Халық прозасын зерттеп қарасақ, екі үлкен топқа бөлуге болады. Бірі – мысал, хикаят, эпсананың кей түрі болса, екіншісі – прозалық жанрлар (аңыз, хикая, миф). Айтылмыш жанрлардың басты мақсаты – тыңдаушыларға саяси, діни, парктикалық мәлімет, хабар беру. Ауызекі әңгіме, хикая, шежіре, миф эпсана-хикаят халық прозасының ертегіге жатпайтын түрі болып табылады. Сондықтан да бұл жанрларда көркемдеуіш құралдар, әсірелеу аз болады. Фольклор жанрларының басты мақсаты – эстетикалық, тәрбиелік болып келеді.

Фольклорлық прозаны жай әңгімеден ажырату қиын. Бұл жөнінде С.Қасқабасов былай дейді: «...жай сұхбат әңгіме циклге түспесе, бірден-бірге тарап, тұрақтаған сюжет құрамаса, фольклор болып саналмайды» [1, 32]. Жанрлардың жалпы көркемдік және мифологиялық (құрылымдық) белгілері айтарлықтай тұрақты. Сондықтан да фольклорлық прозаның (аңыз, ертегі, аңыздың, хикаяттың, эпсананың) композициялық және сюжеттік құрамын анықтауға, білуге болады.

Фольклорлық проза шығармалары көбінесе табиғатқа табынушылықтың салдарынан пайда болған. Фольклорлық прозаның өзін екі үлкен топқа бөліп қарастыруымызға болады: ертегілік проза және аңыздық проза. Ертегілік прозада қиял – көркемделіп, таңғажайыпқа айналады, яғни ертегілерде қиял – көркемдік құрал ретінде қызмет атқарады. Ал аңыздық прозада қиял – көркемдік құрал емес, ол таңғажайыпқа айналмаған. Бұл топтағы шығармаларда баяндау болған оқиғаны бейнелеп отырғандай сезіледі және айтушы мен тыңдаушы солай түсінеді [1, 54-55].

Швейцар оқымыстысы М.Люти мен чех ғалымы О.Сироватка халық прозасын ертегілік және аңыздық деп бөлгенде, айтушы мен тыңдаушылардың шығармаға сенетіні, сенбейтіні негізге алынбау керек деген пікір айтады. Ғалымдардың пікірімен келісуге болады әрине, дегенмен аңыздық проза мен ертегілік прозаны аражігін ажырату керек.

С.Қасқабасов 1934 жылы неміс ғалымы К.Сидовтың халық прозасының ертегіден тыс жанрларын айтылуына қарай хабар (Chroniknotizen), естелік (Memorat) және әңгіме (Fabulat) деп үшке бөлген деп көрсетеді [1, 36].

Ал, ХХ ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап түркі фольклортануында фольклордың прозалық жанрларына арналған зерттеулер, жинақтар зерттеулер шыға бастады. Әсіресе башқұрт, татар ғалымдары халық прозасы шығармаларына бірнеше том етіп шығарып, зерттеулер жүргізді. Прозалық фольклорды зерттеуде өзбек ғалымдары да біраз жетістікке жетті. Жоғарыда атап өткендей, аңыздық прозаға ертегіге жатпайтын жанрларды жатқызсақ, түркі ғалымдарының ертегі, аңыз, эпсана-хикаятқа байланысты еңбектері том-том болып шыққанын айта кеткен жөн.

Аңыздық прозаның бір түрі миф туралы тоқтала кетсек. Ғылымда мифке қатысты берілген анықтамалар көп. Анықтамалардың көпшілігі антика дәуіріндегі дамыған мифологияға арналған және мифтің атқаратын қызметіне (түсіндірмелі, психологиялық, социологиялық), оның дінмен, өнермен, философиямен, әр түрлі ырымдармен, ертегімен және әпсана-хикаятпен арақатынасына байланысты негізделген [2, 130].

Қазіргі түсінігімізде миф – қиялдан туған әңгіме. Революцияға дейін, бабаларымыз, біздер, қариялар қазақ арасында айтылған мифке, аңыздарға сенген, ондағы оқиға желісін бұрын болған деп ойлаған. Сәкен Сейфуллиннің айтуынша, «адам ол заманда түрлі хайуандар туралы, жаратылыстың түрлі заттары, құбылыстары туралы әңгіме қылғанда, өздерінің түсінулеріне шындап нанып әңгіме қылатын. Және оларды неше түрлі «керемет», «сиқыр» істеуге, неше түрлі құбылуға қолдарынан келеді деп сенген. Солардың бірін әңгіме қылған өзінің қиялын шын тәрізді қылып айтатын. Сонымен бұрынғылар шын деген әңгімелер соңғыларға ертеқ болып қала берген».

Жазба әдебиеті қалыптаспай тұрып, халықтың айтуы бойынша тараған әңгімелерден халық ауыз әдебиет үлгісін байқаймыз. Демек, бұрынғы қазақтар өздері айтатын мифтер мен аңыздарға сенген. Миф – міндетті түрде себеп-салдарлы болады. Қандай да болмасын құбылушылықтың, яғни өзгерістің (айталық, қарлығыш құйрығының өзгеруі) себебі бар[3,70].

Мақаламызда аңыздық проза жанрындағы эпитеттердің қолдануын қарастыратын боламыз. Адамның хайуанға, тағы басқа нәрсеге ауысуы – бір себеппен байланыстырылады. Соның бірі – адам кінәлі немесе күнәлі болып, жаза ретінде аңға айналады. Мысалы, Қаратау тегістігінде тұратын қазақтар туралы «Келіншеқтау» деген аңыз бар. Дүкенбай Досжановтың баяндауы бойынша: «Әлде жүз, әлде мың жыл бұрын теріскейде әйгілі бай өтіпті. Әлгі бай аузы уәлі, ақылы мен дәулеті парапар кісі көрінеді. Қылығы тәтті, жалғыз қызы болыпты. Майысып толқып бой жетіпті. Тана көзі талайдың ішіне шоқ түсіріпті. Күңгей елінен теңі табылыпты ақыры. Әлгі бай жалғыз перзентінен аярым жоқ деп, екі жасқа батасын беріпті, жасауын бөліпті дейді. Жасауды көрген ақын нешеме күн қисса етіп жырласа да, суреттеп тауыса алмапты деседі: Отаудың үзік, дөдегесі ақ марқаның жүнінен басылып, уығын күміспен қаптапты. Бар жиһаз-жасауды түйеге тендеп, ал риза бол қалқам деп, әкесі керуеннің бас жібін қызына ұстатқан көрінеді. Керуен ырғалып-жырғалып Қаратаудың қыр арқасына көтеріліпті. Қызы құрғыр дүниеге бір табан жақын білем, сол арада түйелерді, жасауды қайыра бір көзден өткізіпті. Сөйтсе итаяғы жай өрік ағаштан шабылған екен. Мұны көрген қыз: «Әкем сараңдық жасапты, итаяғымды күмістен соқтырмапты», - деп күйеу жігітті ауылына қайыра шаптыртыпты дейді. Күміс итаяққа жұмсаған көрінеді. Бар дәулетін сыпырып арттырып жіберген ақылды әке әлгі сөзді естіп қатты налыпты. Қызына «тас жүрек екенсің, тас бол», - деп теріс батасын беріпті. Ол кезде қарғыстың дөп даритын уағы білем: (қазір ғой қанша қарғасаң да дарымайтыны) әлгі шөгіп жатқан түйелер, бұйда тартқан қалыңдық солайымен тұрған жерінде тасқа айналып қалыпты» [4, 7].

Аңыздан түйетін ой: әкенің қарғысы қашан да жаман болады дегенге саяды. Әке қарғысынан кейін, қыздың тасқа айналғанын байқаймыз. Жалпы, мифтерде аңның адамға айналуы немесе адамның аңға айналуы көптеп кездеседі. Бұл жөнінде фольклорист В.И.Еремина былай дейді: «Мифтердің айтуы бойынша рудың тотемдік қағидаларын бұзған немесе оларды құрметтемеген адамды жан шошырлық жаза күтеді. Сондай жазалардың бірі – адамды аңға, я болмаса жансыз нәрсеге айналдыру деп ұғынылған» [5, 11-12].

Бұл көне мифті белгілі бір автордың көркем баяндауымен оқып отырмыз. Миф те, аңыз да халық арасында айтылып, тарағаннан кейін біраз өзгеріске ұшырайтыны белгілі. *Әлде жүз, әлде мың жыл бұрын* теріскейде әйгілі бай өтіпті деп басталатын бұл мифте оқиғаның нақты қай ғасырда, қай кезеңде болғаны белгісіз боп, теріскейде әйгілі байдың өмір сүргенін жедел өткен шақ түрінде баяндайды(әйгілі бай өтіпті деген тіркесте баяндауыш жедел өткен шақ түрінде қолданып тұр) немесе қыздың бой жеткенін былай

жеткізеді *майысып толқып бой жетінті*. Миф толығымен жедел өткен шақ түрінде баяндалып тұр деуге болады. Аңыздық прозада көркемдеуіш тәсілдер сирек кездескенмен, эпитеттердің қолдануын талдап көрейік. Мифтегі байдың қызы *күңгей елінен* өз теңін тапқандығы, отаудың *ақ марқадан* жасалғаны, әкесінің қызына теріс батасын беріп, *тас жүрек екенсің, тас бол* деп теріс батасын беруі, эпитет ретінде қолданылып тұр.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Оқжетпес тауының пайда болуы да аңызбен байланысты. Халық арасында Оқжетпес шыңының пайда болуы туралы да түрлі аңыздар бар. Бірі – қалмақ қызы үшін қазақ батырларының таласқа түсуі болса, екіншісі – Оқжетпес деген батырдың күннен күнге өсіп, жауға төтеп беретіндей үлкен батырға айналуы. Кезекті соғыстардың бірінде жаулардан жеңілгенін сезіп, бар даусымен аспанға қарап айғайлап: «Уа, Құдіретті көк тәңірі, мені жауларыма қор ете көрме! Өлгенше, жаулардан есемді жібергенше, қарабет болғанымша ұят! Одан да мені тасқа айналдырсаңшы!» деп айғай салады. Күн күркіреп, лезде жаңбыр жауып, оны шыңға айналдырды. Содан бері бұл шың Оқжетпес аталып кеткен екен. Жоғарыдағы мысалымызда әкесі қызына разы болмай, теріс батасын беріп, қарғыс айтса, бұл мысалда батырдың жауларыма қор ете көрме деп, Көк тәңірден өзінің тасқа айналуын тілейді.

С.Қасқабасов: «Архаикалық мифтердің негізгі мазмұны – жасампаздық. Онда табиғаттағы заттардың, белгілі бір тау мен тастың, көл мен өсімдіктің жасалу жолдары баяндалады. Сол себепті ондай мифтердің көбісі түсіндірмелі түрде айтылады да, ол этиологиялық (себеп-салдарлы) сипатта болады. Бұл мифтерде жасампаздық үш түрлі әдіспен, яғни үш түрлі іс-әрекетпен жүзеге асады: а) құбылушылықтан пайда болған заттар; б) сапар, саяхат кезінде пайда болған дүние; в) ұрлау, (алып) қашу нәтижесінде дүниеге келген нәрселер» [1, 83].

С. Қасқабасов атап кеткен үш әдіс те қазақ мифтерінде кездесетіні сөзсіз. Бұны жоғарыда біз келтірген мысалдардан байқауға болады: Жеке батырдың ұзақ сапардан шаршап келіп, ұйықтап жатып тасқа айналып кетуі, Оқжетпес батырдың жаулардан жеңіліп, өзін тасқа айналып кетуін тілеуі немесе әке қарғысынан тасқа айналып кеткен жас келіншек. Қарап отырсақ, бұл мифтер Қаратаудағы, Көкшетаудағы тастардың, шындардың пайда болған құбылушылықтың нәтижесі.

Орыс ғалымы М.Грабарь-Пассек: «Қадым замандардан бастап құрлықтағы Грекияның өзінде де, аралдарда да, ал отарланғаннан кейін Кіші Азияда да, тіпті отарға айналған жерлерде де өздерінің қисапсыз мифтері болғаны күмәнсіз. Алайда, әр аймақты мекендеген грек тайпаларының қарым-қатынасы күшейген сайын ол мифтер араласып, бір оқиға, қала, ру, яки аса көрнекті қайраткер төңірегіне топталған. Сөйтіп, ауызекі мифтер тобы немесе мифтер циклы жасалған» [6, 10].

Ежелгі түркі мифологиясының қайнар көздерінің бірі – сына жазулар мәтіндері. Көне дәуірлерден жеткен түркілік жазба әдеби мұралардан мифтік сарын көрінетініне VII-VIII ғасырлар мұрасы – Орхон жазба ескерткіштерінен мысалдар келтіруге болады. Бұл әдеби ескерткіштер түркі қағанатының тарихын, экономикалық-әлеуметтік, саяси ахуалымен бірге, сол қағанат құрамындағы тайпалардың наным-сенімінен, яғни түркілік мифологиядан хабар береді [7, 78].

Бұл көне жазбаларда түркілердің құдіретті күш – Көк Тәңіріне деген ерекше құрметі танылады. Мысалы:

*...Биікте көк Тәңірі  
Төменде қара жер жаралғанда  
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.  
...әкем Елтіріс қағанды,  
Шешем Елбіге қатынды  
Тәңірім төбесіне ұстап,  
Жоғары көтерген екен  
...Тәңірі қуат берген соң*

*әкем қазанның әскері бөрідей болыпты.*

*..Тағдырды сені өлімші етті [8, 29].*

Көне түркілер үшін жаратылыстың құдіретті иесі – Тәңірі болған. «Аспан – шамандықтың ең құдіретті жаратылыстың жаратушысы. Көк Тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын бірінші аталатын сын есім «көк» - көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының баламасы.. Тәңірі сөзін Шыңғыс хан заманында мұсылмандар «Алла» деп, ал еуропалықтар «deus»деп аударған» [9, 181]

Қорыта айтқанда, қазақ фольклортану ғылымында халық ауыз әдебиетінің құрамында прозалық жанрлар бар екені, олар іштей жіктелетіні белгілі. Мақаламызда аңыздық прозаға түсінік бере отырып, зерттелу тарихына назар аудара отырып, көркемдеуіш құралдардың қолданылуын ашуға тырыстық.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
2. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: Жібек жолы, 2009. – 303 б.
3. Сейфуллин С. Шығармалар. 6 т. Алматы, 1964. – 70 б.
4. Досжанов Д. Келіншектаудағы тас түйелер. Алматы, 1979. – 7 б.
5. Еремина В.И. Миф и народная песня. 1978. – 11-12 б.
6. Грабарь-Пассек М. Античные сюжеты и формы в западно-европейской литературе. Москва, 1966. – с 10.
7. Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика. Монография. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2016. – 184 б.
8. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.
9. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985. – 558 б.